

Түркістан облысының білім басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫСТАРДЫҢ МӘТІНДІК ЕСЕБІ**

Атбұлақ елді-мекені-2024 жыл

Мектеп әкімшілігі 11-сынып оқушыларын қажетті тест материалдарымен қамту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді.

01.11-05.11.2024ж күндер аралығында 1-тоқсан бойынша оқушылар біліміне мониторинг жасау жұмысы жүргізіліп тоқсандық білім сапасына анализ жасалды. Ағымдағы оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарының 1-тоқсанға арналған бөлігі толығымен орындалған. 1-тоқсанды 339 оқушымен бастадық. Бірінші тоқсан бойында мектептен 06 оқушы кетті, 02 оқушы келді. 1-тоқсан қорытындысында мектебімізде 335 оқушы бар. Аптасына екі реттен кем болмайтын барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып, үздіктердің, екпінділердің, қанағаттанарлық бағасы бар оқушылардың үлесі төмендегі кестедегідей болды:

мазмұны	7- сынып	8- сынып	9- сынып	10- сынып	11- сынып	мектеп бойынша	%
I тоқсан соңындағы оқушы саны	72	72	69	65	57	335	100
Оқу озаты	9	26	25	32	26	118	35,2
Екпінділер	46	44	38	27	29	184	54,9
«3»- бар оқушы	17	2	6	6	2	33	9,9
Таза-3	0	0	0	0	0	0	0
Үлгермеушіл ер	0	0	0	0	0	0	0

Тоқсандық қорытынды бойынша пәндердің білім сапасы мынадай болды:

1. Алгебра- 95 %
2. Геометрия –94 %
3. Физика- 97 %
4. Информатика-100 %
5. Қазақ тілі-98 %
6. Қазақ әдебиеті-100 %
7. Қазақ тілі мен әдебиеті-97 %
8. Ағылшын тілі- 94 %

9. Орыс әдебиеті-100 %
10.Орыс тілі мен әдебиеті-100 %
11.Қазақстан тарихы-96,7 %

Мектеп бойынша білім сапасы: 97 %

1-тоқсан бойынша алынған ТЖБ жұмыстары бойынша білім сапасы төмендегідей:

- Алгебра-82,2%
Геометрия -81,6 %
Физика- 80,7%
Информатика-91,5%
Қазақ тілі мен әдебиеті (орыс сынып)-97,5%
Қазақ тілі- 81.3%
Қазақ әдебиеті-82,1 %
Ағылшын тілі- 83,9%
Орыс әдебиеті-82,3 %
Орыс тілі мен әдебиеті (қазақ сынып)-89,3 %
Қазақстан тарихы-85%

Мектеп бойынша білім сапасы: 85,6 %

11 қараша күні 9 а,б,в сыныптарына түрлі бағытта тренинг сабақ өтілді.



13 қараша күні жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шарасы өткізілді. Іс-шараны өткізудің басты мақсаты – оқушылардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Іс-шараға 7-11 сыныптың ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Лесбаева Жанат Қарсыбайқызы «Асхана әдебі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Мектеп-интернат дәрігері А.Сапарова Дұрыс тамақтану,

зиянсыз тағамдар жайлы баяндама оқып, үнемі дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы туралы мәлімет берді.



Іс-шара барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, мектеп акт залында өткізілді.

Жұмыс жоспарға сәйкес «Тағамға балалардың көзқарасы» тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнаманы алудағы басты мақсат- оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын сапалы ұйымдастыру, мектеп асханасына және берілетін ыстық тамаққа оқушылардың көзқарастарын білу, асхана жұмысының кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтау. Сауалнама қағаз түрінде алынды. Google Form платформасымен - <https://forms.gle/6hMctWWihx5w1Ma56> сілтемесі арқылы ата-аналардан да мектеп асханасының тағамдарына байланысты сауалнама өткізілді.

15 қараша күні тамақтану сапасын мерзімдік бағалау мақсатында мектеп –интернат асханасына Бракераждық комиссияның тексеруі жүргізілді. Бракераждық (мониторингтік) комиссия мүшелері: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – И.Бегайдарова, Интернат меңгерушісі – С.Халжанов, әлеуметтік педагог – Ж.Лесбаева, мектеп дәрігері–А.Сапарова, ата-аналар комитетінің төрайымы-Г.Найманбаева, ата-ана комитетінің мүшелері - Б.Тойшиева мен А.Кулбеков мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысының сапасын тексеру мақсатында кешенді зерделеу жүргізді. Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы қаралды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болмауы мен уланудың алдын алу үшін күнделікті мәзірден сынама жүргізілді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім

формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынды және кемшілік байқалған сәтте ескертулер берілді.



Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 3 (поток) уақытта ұйымдастырылған.



10-11 сынып оқушыларының мамандық және жоғарғы оқу орнын таңдауы жайында ақпарат алмасу мақсатында 2021 жылғы мектепті бітірген түлектермен кездесу ұйымдастырылды. Тайлаков Жандос Көкшетау қаласындағы Ш.Уалиханов атындағы университеттің жалпы медицина факультетінің 5-курс студенті университеттің тыныс-тіршілігімен бөлісті. Оқушыларға жоғарғы оқу орнында жылдам

әлеуметтенуге, академиялық білімділікке, қарым-қатынасқа басымдылық беру керектігін айтты. Міндетті түрде шет тілін біліп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуды ұсынды. Жандос түрлі жарыстарға қатысу арқылы бір жылдық грант жеңіп алып, Латвия мен Франция елінде оқығанын жеткізді.



«Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі С.Абдуллаевамен біргелікте «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Ондағы мақсат – қыз баланың көпшілік ортада өзін ұстауы, өзгелермен қарым-қатынасы, жеке бас гигиенасы және тағы да басқа ұстанымдарды бойына сіңіру болып табылады. Жиналыста мектеп дәрігері А.Сапарова баяндама оқыды. Қыздармен сұрақ-жауап ұйымдастырылып, тірек сөздерді пайдаланып, қыз бойына тән қасиеттерді айтып шықты.




8-сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлық, қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ағарту сабағы өткізілді. Мақсаты – оқушы бойында сенімсіздік пен қорқынышты жеңу арқылы, ортасында «Мен» ұстанымын қалыптастыру болып табылады. Сынып литералары бойынша бөлек-бөлек өтті. Қорқыныш, сенімсіздік сөздеріне анықтама бере отырып, олардың себеп-салдарына тоқталды. Оқушылар көп жағдайда бұл сезімдер мектеп қабырғасында орын алатынын және оны жеңу үшін ортасының тікелей әсер ететін айтты.Талдап, талқылап болған соң, сыныппен сергіту жаттығулары өткізілді.




7-8 сынып оқушыларының сынып ішіндегі қарым-қатынастарын анықтау мақсатында социометрия әдістемесі алынды. Нәтижесі өңделіп, ынталандыру материалдарымен сабақ өткізілді. Кесте:

№	Сынып литерасы	Лидерлер	Қалаулылар	Шеттетілгендер
1	7а / 24оқушы	10 / 41,7%	14 /58,3%	-
2	7б / 24оқушы	7 /29,2%	17 /70,8%	-
3	7в / 24оқушы	9 /37,5%	15/62,5%	-
4	8а/ 24оқушы	12/50%	12/50%	
5	8б/ 24оқушы	11/45,8%	13/54,2%	
6	8в/ 24оқушы	8/33,3%	16/66,7%	

Диаграмма:



Диагностика жұмыс нәтижесінен сыныптар бойынша дамыту сабақтары өткізілді. Онда оқушыларды бір-біріне деген сыйластықтарын арттыра отырып, бастысы қарым-қатынасты нығайту керектігі назарға алынды.




Сұраныс 3 келіп түсті. Кеңес беру бағыты: АА-1, Т-1, О-12, Ұ-4 жеке жұмыс жасалып, кеңес берілді. Қажетіне қарай тәрбиешілер, сынып жетекшімен ата-аналарға түсінік жұмысы жүргізіліп, кеңес берілді.

Облыс ұстаздары арасында өткізілген "Өнерлі ұстаз-2024" байқауына қатысқан физика пәнінің мұғалімі Пияшова Гульжазира Абдималиковна



жүлделі ІІІ орын иеленді.

Республика күніне орай Түркістан облысының білім басқармасының "Жамбыл Қаппаров атындағы N 5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп- интернат" КММ 9 шебер ұстазы ҚР-ның оқу-ағарту министірлігінің білім беру және ғылым саласындағы елеулі еңбегі үшін "Ыбырай Алтынсарин" төсбелгісімен марапатталды.



Түркістан облысының білім басқармасының "Жамбыл Қаппаров атындағы N 5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат"КММ-сі.

Кітапханада 10а,10б сыныптар оқушыларының "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша "Кітап оқимыз " тақырыбындағы ай бойында оқыған әдеби кітаптарын тыңдау өтті.



Мектепшілік олимпиада жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өткізілді. Марапаттау рәсімінде директор құттықтау сөз сөйлеп оқушыларға алдағы




олимпиадаларға сәттілік тіледі.

7-11 сыныптың сыныптармен қараша айының I аптасында «Адалдық-асыл қасиет», «Адалдық-адамгершілік бастауы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.


Қараша айының II аптасында барлық сыныптарда «15 қараша-Ұлттық валюта теңге» күніне арналған сынып сағаттары өткізілді.



Сыныптан тыс шаңырақтар арасында қараша айының III аптасында «Күзгі балл» іс-шарасы өз деңгейінде өтілді.



Қараша айының IV аптасында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу басты міндет» тақырыбында сынып сағаттары өтілді, сонымен қатар буллинг және кибербуллинг, *ғаламторға тәуелділіктің алдын алу* бойынша 7 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыс жүргізілді.



Қараша айының 4-ші аптасында «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.



Қарашаның 29-ы күні балалар әдебиетінің бәйтерегі С.Бегалиннің-130 жылдығына байланысты 9-шы сыныптармен ашық тәрбие сағаты өткізілді.



2024-2025 оқу жылының қараша айына жоспарланған барлық іс-шаралар талапқа сай өткізіліп, айғақ құжаттары жауапты мамандарда жинақталды.

Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов